



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

2 наурыз, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!

Сіздерді Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мерекеде ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық және ынтымақ сынды мызғымас құндылықтар кеңінен дәріптеледі.

Алғыс айту күні қиын-қыстау замандарда да мейірімділік пен жанашырлық таныта білген әрі бірлігін бекем еткен халқымыздың ізгі қасиеттерін жадымызда жаңғыртады. Бұрын-соңды болмаған жаһандық



сын-қатерлер және еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңінде әрбір

азаматтың ел болашағы үшін жауапкершілік танытуы және өзара қолдау көрсетуі аса маңызды.

Бүгінгі мейрамда адал еңбегі, жасампаздығы мен отаншылдығы үшін барша халқымызға шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Біз еліміздің ауызбіршілігін сақтай білсек, кез келген қиындықты еңсереміз. Әділетті Қазақстанды құрып, елімізді одан әрі өркендету береміз деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!
akorda.kz

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі жерлестер! Құрметті сырбойлықтар!

Берекесі мен бірлігі жарасқан барша Сыр жұртшылығын көктемнің ең алғашқы шуақты мерекесі – «Алғыс айту күнімен» шын жүректен құттықтаймын!

Алғыс айту күні – табиғаттың ояну уақытымен, жана үміттермен сәйкес келетін, ұлттық ынтымақтастық пен жерлестердің бір-біріне деген мейірімділігін, достығы мен сүйіспеншілігін көрсететін көзайым күн.

1 наурыз – Қазақстан халқы Ассамблеясының келісім және этносаралық өзара ықпалдасу институтының құрылған күні.

Әуелден «Сыр – Алаштың анасы» атанған, тарихы терең, келешегі кеңен қасиетті мекен. Құшағына күт қонған, ынтымағына ырыс тұрған текті топырақ бөтенді бөлмей,

бауырына баса білді. Тағдыр-тауқымет кешкен талайға пана болып, мейірбан мінез танытқан мерейлі халқыма әрқашан алғыс айтамын.

Кен пейіліне кемеңгерлік рух сыйлаған, ерінбей еңбек еткен маңдай теріне молшылық тоқтаған, ыстық жүрегіне ымырашыл ниет, жомарттық сезім ұялаған, сенім жойылмаған саликалы еліммен әрдайым мақтанамын.

Халқымызға тән асыл қасиеттер – туыстық тату, асқақ абырой, шынайы әділдік, құрмет пен ізгілік мәңгілік салтанат құрсын деп тілеймін.

Әрбір шаңырақта шаттық шалқып, бірліктің бесігі тербелген берекесі таси берсін!

Мереке құтты болсын! Баршаңызға мың алғыс!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда облысының әкімі Н.НӨЛІБАЕВ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

КЕҢЕСТІ ЕЛДІҢ КӨШІ ІЛГЕРІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Оған кеңес мүшелері, басқарма басшылары мен аудандық қоғамдық кеңес төрағалары қатысты. Жиынды облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбанов жүргізді.

Ә Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Жиында облыстың былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы міндеттері туралы облыс әкімінің баяндамасы тыңдалды.

Ең алдымен баршаның көктемнің алғашқы күні – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Алғыс айту – тек ризашылық білдіру емес, бұл –

ұлы даланың игі дәстүрлерінен бастау алатын ізгіліктің жарқын үлгісі. Тәуелсіздікті бірге қалап, қиындықтарды қатар еңсеріп, жана, әділетті Қазақстанды құруға аянбай еңбек етіп жүрген Сыр халқына, барша азаматтарға шынайы алғысымызды білдіреміз, – деп бастады сөзін аймақ басшысы.

2-бет

ӨРКЕН

БЕЙБАРЫС СҰЛТАН КӨШЕСІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласында салынып жатқан нысандарды аралады. Алдымен Бейбарыс сұлтан көшесін қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Жалпы ұзындығы – 4,2 шақырым. Жол құрылысын 12 ай ішінде аяқтау жоспарланған. Төрт жолақты жолдың әрбірін ені 3,5 метрді құрайды. Жол салу жұмысымен «УАД» ЖШС айналысады.

Ә Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

3-бет

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАЛМАҚ



«AMANAT» партиясынан облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлер Нұрбол Аппазов, Медет Жорабек, Талғат Тілес сайлауалды бағдарламаның өзектілігі мен тиімділігін жеткізу үшін «Рухтастар Trends» диалог алаңында жастармен кездесті.

Диалог алаңында кандидаттар өңірімізде жүзеге асырылып жатқан жастар саясаты туралы ақпарат беріп, партияның өңірімізге арналған сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

«AMANAT» партиясы және оның «Жастар Рухы» жастар үшін әлеуметтік лифтілерді құруға, жас отбасылар үшін тұрғын үй мәселесін шешуге, жұмысқа орналасуға, білім беруге баса назар аударады. Облыс жастарына арналған «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық кредит беру бағдарламасы шеңберінде жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда. «Big tolyunda» жобасы аясында жастар арасындағы өзекті мәселелерді талқылау және оның шешу механизмін жоспарлау мақсатында диалог алаңдарын ұйымдастырамыз. Сонымен қатар «Жастарға кеңес» жобасы және басқа да әлеуметтік жобалар аясында жастар арасында қажетті мәселелер бойынша ақпараттық консультациялар ұйымдастыру және әлеуметтік қызметтермен қамтуға ықпал етеміз, – делі Медет Жорабек.

Химия ғылымдарының кандидаты, профессор Нұрбол Аппазов еңгіме барысында білім-ғылымдағы жастарға қолдау күшейтілетінін айтып, бірнеше бастаманы тілге тиек етті. Сонымен қатар мемлекет тарапынан жас ғалымдардың ғылымға келуін ынталандыру және олардың

ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жыл сайын гранттық қаржыландырудың әр алуан түрлеріне арналған конкурстар өткізілетінінен хабарлар етті.

Үміткер Талғат Тілес жастардың жұмыссыздығы мен кәсіпкерлікті дамыту жайында партия бағдарламасындағы мүмкіндіктер туралы айтып өтті.

«Қазіргі таңда жастарға жақсы жағдай жасалып жатқаны жасырын емес. Мәселен, жастар санатының шегі 35 жасқа дейін ұзартылғанын ескеріп, кәсіпкерлікпен айналысамын деген 1 300 жасқа 2,5 пайыздық несиелер беру мәселесі қаралып отыр. Алдағы уақытта қалалар мен өңірлердегі жұмыспен қамту орталықтарында әкімдіктермен бірге жастармен, жұмыссыздармен, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен тікелей жұмыс істейтін мобильді топтар құрылmaq. Ал жастарды жұмыспен қамту аясында жыл сайын «Жасыл ел» еңбек жасақтарын ұйымдастыруға жұмыс жасаймыз. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында да жастарды ауылды жерлерге мамандығы бойынша жұмысқа тарту үшін де жоспарлар әзірленуде. Біздің партия аталған мәселелерді жүйелі түрде шешуге ықпал ететін болады», – делі Талғат Тілес.

Еркін форматта өткен кездесу барысында жастар әлеуметтік және білім беру салаларына қатысты бірқатар ұсыныстарын айтты. Мәселен, жас отбасылардың біразы тұрғын үйге қол жеткізе алмай жүргені, жастар жұмыссыздығы, оларды әлеуметтік қолдау шын жүйеге асса дейді.

Үміткерлер «AMANAT» партия-

сының сайлауалды бағдарламасының ең негізгі бағытында аталмыш мәселелер толық қамтылып отырғанын тағы бір тілген тиек етті.

Соның ішінде білім берудің, денсаулық сақтаудың қолжетімділігі мен сапасы, рухани даму, спортпен шұғылдануға жағдай жасау мәселелерін шешу үшін «AMANAT» партиясы қалалар тапшылығы мен мамандарды даярлау сапасы, балабақшалардың, мектептердің, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының, спорттық және мәдени объектілердің қолжетімділігін, оларды заманауи жабдықтармен жаратандыру мәселелерін шешуге жұмыс жасап отырғандығын жеткізді. Сонымен қатар жастарды ел келешегі үшін үлес қосып, «AMANAT» партиясына дауыс беруге шақырды.

«AMANAT» партиясы білім сапасын арттыру бағытында бейнебақылаумен қамтамасыз етілген күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесін 100% жеткізуге қаражат қарастырды, жастарды колледждерде сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін оқытумен 100% қамтуды қамтамасыз етуді, өңірде 17 білім беру ұйымдарының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізуге, физика, химия, биология, STEM пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесін 100%-ға жеткізуге, 26 білім беру нысандарының құрылысын және 4 мектепке қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізуге, мектепке дейінгі ұйымдарда 11 мыңнан астам орын құруға ықпал жасауды мақсат етіп отыр.

Қызылорда облыстық мәслихаты депутаттарының сайлауалды партиялық тізбегі ұсыныс «AMANAT» партиясы Сайлау қорының қаражатынан төленді

№16 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР БИСЕНОВА МАРЖАН ҚЫЛЫШБАЙҚЫЗЫ

ӨМІРДЕРЕК

Бисенова Маржан Қылышбайқызы 1981 жылы 21 мамырда Қызылорда облысы Сырдария ауданы Шаған ауылында туған.

1988-1998 жылдары Қызылорда қаласындағы Б.Шалғынбаев атындағы №217 орта мектепте оқыған. 1998-2002 жылдары Қазақ мемлекеттік заң университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алған. 2002-2004 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистратурасында оқыған. 2010 жылы қылмыстық құқық және қылмыстық атқару мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.

2002-2012 жылдары Қызылорда қаласы прокурорының көмекшісі болды. 2012-2014 жылдары Сот актілерін тағайындау комитетінде жұмыс істеді. 2015-2018 жылдары «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтында «Гуманитарлық-педагогикалық және құқықтық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, 2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қызылорда жоғары кәсіпқандық колледжі директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары.

Қоғамдық мәдени іс-шараларды белсенді ұйымдастырушы. Отбасылы, алты баланың анасы. «Күміс алқа» иегері.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Қоғамдағы отбасы құндылықтарын насихаттау. Көпбалалы отбасы мәдениетін қалыптастыра отырып, әйел-аналардың қоғамда лайықты орын алуына айрықша көңіл бөлу;

Білім беру, денсаулық сақтау салаларының қызметкерлеріне лайықты әлеуметтік жағдай жасалуына, ана мен бала денсаулығын сақтауға байланысты мәселелердің шешілуіне ықпал ету;

Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуды ұйымдастыру;

«Жұмыспен қамту» бағдарламасына сәйкес жастарға білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып,

мәдениет пен денсаулық сақтау салаларының және бұқаралық спорттың дамуына белсенді атсалысу;

Жастарды ғылыми жұмыстармен айналысуға баулу, инновациялық идеяларды дамытуға жан-жақты қолдау көрсету; Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларға қолдау білдіру;

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау жұмыстарын жүргізу.

Қадірлі ағайын, осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстарымыз Сіздердің көз алдарыңызда. Әрі қарай да Сіздермен бірге, қоғам игілігі бағытында нәтижелі жұмыстар жүргіземіз деген ойдамын.

Қаражаты республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЫҚТИМАЛ ҚАУІПКЕ ТАС-ТҮЙІН ӘЗІРЛІК КЕРЕК

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында су тасқынының алдын алуға дайындық және халыққа онкологиялық көмек көрсету мәселелері талқыланды.

Үкімет басшысы «Көктем-2023» республикалық оқу-жаттығу шаралары шеңберінде тасқын қауіп туындаған жағдайда нақты іс-қимыл алгоритмін пысықтауды, жарылғыш заттар мен инертті материалдардың қажетті қорын дайындап, хабарландыру жүйелерінің дайындығын тексеруді тапсырды.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Премьер-министрі берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізіп, өңірде дарияда сең қозғалысы басталғанын атап өтті.

«Облыс аумағында сең жүре бастады. Жанакорған, Шиелі аудандарының аумағы мұздан толықтай тазарып, бүгінгі күні Сырдария ауданы Айдарлы елді мекені тұсында сең жүрде. Солтүстік аудандар мен Қызылорда қаласы тұсында өзен бетінде толықтай мұз тұр, орташа қалыңдығы 32-43 см құрайды. Қазіргі таңда дайындық шараларын күшейтіп, барлық қажетті қорлардың болуын қамтамасыз ету керек», — деді облыс басшысы.

Жиында Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысының міндетін атқарушы, «Казушар» РМК және «Казгидромет» Қызылорда филиалының директорлары Сырдария өзеніндегі су жағдайы мен оны қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ету жұмыстары туралы баяндады.

Талқылаудан соң аймақ басшысы Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне өзен бойындағы қауіпті учаскелерге бақылауды күшейтіп, өзен арнасындағы мұз жүру процесін қадағалауды және материалдық-техникалық, жанар-жағармай қорларын қажетті көлемде жасақтауды тапсырды. Ал, аумақтық жауапты мекемелер облыс көлемінде су тасқынының алдын алу үшін авариялық-құтқару қызметтері мен күш-құралдардың дайындығын үнемі әзірлікте ұстауы тиіс. Оларға мониторинг жұмыстарын жалғастыру және облыс аумағына мол су жіберілген жағдайда оны қауіпсіз өткізу шараларын ұйымдастыру жүктелді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе тұрғындар үшін аса өзекті екенін атап өткен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық құрылыс басқармасына халыққа онкологиялық көмек көрсету үшін биыл Қызылорда қаласында салынатын бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысын сапалы жүргізуді тапсырды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасына осы бағыттағы жұмыстарды қатан бақылауға алып, сапалы әрі мерзімінде орындалуын қамтамасыз ету жөнінде міндет қойылды. Атап айтқанда, облыстық онкология орталығынан ашылған ахуалдық орталықтың жұмысын жетілдіріп, науқастарды оналту және психологиялық қолдау кабинеттерінің санын арттыру керек. Сонымен қатар бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін онколог дәрігерлер тапшылығының алдын алу үшін облыс әкімінің гранты арқылы мамандарды резидентурада даярлауға ұсыныс енгізу бойынша тапсырма берілді.

ТІЛЕКТЕСТІК

СЕЙІЛБЕК НҰРЫМБЕТОВ ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕ

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалған Сейілбек Нұрымбетовті құттықтап, жаңа қызметінде сәттілік тіледі.

Ол осы кезге дейін, яғни 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы қызметін атқарып келген.

«Сейілбек Серғазұлы өз саласының білікті маманы ретінде мемлекеттік қызметте абыроймен еңбек етіп, қызметте сапалы өскен тәжірибелі кадр. Ресейдің алдыңғы қатарлы университетін бітірген, су ресурстары саласында терең білімі мен тәжірибесі бар мықты маман. Соңғы жылдары бассейні аумағында орын алған су тапшылығы кезеңінде лимиттерді белгілеу, су ресурстарын тиімді пайдалану, реттеу және экологиялық жағдайды жақсарту, 2022-2023 жылдар аралығындағы мол суды апатсыз өткізу барысында Сейілбек Серғазұлының басшылығымен инспекция тарапынан ұтымды ұсыныстар беріліп, нәтижесінде он шешімдер қабылданды. Халықаралық Аралды құтқару қоры мен мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының шешімдерін орындау және жүзеге асыруда табанды іс-әрекеттер жасалды», — деді облыс әкімі.

Аймақ дамуы жолындағы еселі еңбегі үшін Сейілбек Нұрымбетовке Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Су шаруашылығы саласының ардагері, білікті маман Әлідхан Қарлыханов әріптесін құттықтап, еңбекте табыс тіледі.

Өз кезегінде, Сейілбек Серғазұлы әріптестеріне алғыс білдіріп, алдағы уақытта да туған жерге қызмет етуге әзір екенін атап өтті.



МЕРЕЙ

ЫҚЫЛАСТЫҢ ЫСТЫҚ ЛЕБІ

Сейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Құрмет» орденінің иегері, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы Бақыт Нұртазаевты 70 жас мерейтойымен құттықтады.

Жиында аймақ басшысы Бақыт Әбдіғәппарұлының облыстың ауыл шаруашылығы саласының дамуына, оның ішінде негізгі дақыл — күріштің жаңа сорттарын Сыр топырағына әкеліп, оларды жерсіндіруге зор үлес қосқанын атап өтіп, мерейтой иесіне ризашылығын білдірді.

«Қазаққа «өнеге жақсы болса, өріс кеңейді» деген даналық сөз бар. Соның бір көрінісі — аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына ерекше үлес қосқан азаматтарды ардақтап, құрмет көрсету дәстүрге айналды.

Мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп, кіндігі байланған еліне адал қызмет етіп, зор абыройға, сый-құрметке бөленген



— деп атап өтті Нұрлыбек Машбекұлы.

Сыр елінің, облыс орталығының, күріш шаруашылығының өркендеуіне қосқан

ерекше үлесі үшін Бақыт Нұртазаевқа Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табылды.

Мерейтой иесін Жалағаш және Кармақшы аудандарының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Шахизат Төрөбаев, Жалағаш ауданы мен Қызылорда қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Қожахмет Баймаханов, Арал және Қазалы аудандарының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Болатбек Пұсырманов құттықтады.

Бақыт Нұртазаев 1953 жылы Жаңақорған ауданы Қыраш ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1974 жылы аудандық «ПМК-34» жылжымалы-механикалық колоннасында мастерлікпен бастаған. Біраз жыл осы мекемеде проба, бөлім басшысы болып, аға

инженерлікке дейін көтерілді. Осы аралықта «ПМК-34» мекемесінің қатысуымен ауданда 18 мың гектар жер инженерлік жүйеге келтірілген.

1976 жылы 20 млн текше метр су сиятын «Бесарық» плотинасы, 1981 жылы 10 млн текше метр су жинайтын «Жилелі» қоймасы салынған болатын. 1995-1996 жылдары «Қыркенес» өндірістік кооперативінің төрағасы, 1996-1999 жылдары Жаңақорған ауданы әкімінің бірінші орынбасары, 1999-2004 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Облыстың өндірісі, шаруашылығы туралы қалғанда, кенестік үлгідегі кеңшарлар мен ұжымшарлардың жаңа моделін қалыптастыруда, мемлекеттік бағдарламалардың оңдау сәтті жүзеге асуына атсалысты.

33 мың адам табиғи газға қол жеткізеді



Өңірге жұмыс сапарымен келген ҚР Энергетика вице-министрі Асхат Хасенов облыс тұрғындарымен кездесті. Оған аймақ тұрғындары мен коммерциялық емес ұйымдар өкілдері қатысты. «Достық үйінде» өткен жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов жүргізді.

Вице-министр аймақтағы кен орындарының жұмысы мен мұнай өндірудегі жалпы көрсеткіштерге тоқталды. Қызылорда облысы — еліміздегі мұнай өндіруші бесінші өңір. Тиісінше, өндірілген мұнайдың 4,8 пайызы аймаққа тиесілі. Алайда, өндіретін кен орындарында мұнай өндірудің жыл сайынғы табиғи төмендеуі байқалады.

Сол себепті Энергетика министрлігі, қайта инвестициялау мәселесін пысықтауда. Мемлекеттік тендеріндегі газдың алынатын қоры шамамен 39 млрд текше метрді құрайды. Осы орайда вице-министр газ сатып алудың жаңа формуласы әзірленетінін атап өтті.

— Бүгінде Қызылорда облысының газдандыру деңгейі 70 пайыз. 584 мың адам табиғи газбен қамтамасыз етілген. Биыл Энергетика министрлігінің бюджеттік бағдарламасы аясында 13 жоба іске асырылмақ. Бұл жобалардың ішінде облыс та қамтылған. Жалпы осы жылы Сыр өңіріндегі Төретам, Ақай, Бірлік, Қыраш, Жайылма, Еңбекші, Абай, Досан, Шалхия, Құттықожа, Кейден және Жиделарық елді мекендеріне газ жүргізіледі. Осыған сәйкес, шамамен 33 мың адам табиғи газға қол жеткізетін болады, — деді А.Хасенов.

Вице-министр өз баяндамасында халықты жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мәселелеріне жеке тоқталды. ҚР Энергетика министрлігі АИ-80, 92-93 стационарлық АЖКС-да жазғы және маусымаралық дизель отынын бөлшек саудада өткізудің шекті бағаларын реттеуді белгіледі.

Кездесу барысында облыс тұрғындары өздерінің сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Жиыннан кейін вице-министр БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізді.

Айта кетсек, өңірге жұмыс сапары аясында ҚР Энергетика вице-министрі Асхат Хасенов Жаңақорған ауданындағы «Байкен-У» ЖШС-не қарасты «Хорасан-2» кенішінде болып, жұмысшылардың тұрмыс жағдайымен танысты. Сондай-ақ уран өндіруші кәсіпорындардың өкілдерімен кездесу өткізіп, геологиялық барлау және газ өндіру жөніндегі кеңеске қатысты.

«СБ» ақпарат

КЕҢЕСТІ ЕЛДІҢ КӨШІ ІЛГЕРІ



— Бүгінде Қоғамдық кеңестер азаматтық қоғамның мүшелерін білдіру мен түрлі деңгейде шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін айтатын, атқарушы органдардың ашықтығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін белді және әлеуетті институтқа айналды. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының іске асуының басты қадамдары деп айтуға болады. Дана халқымызда «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген аталы сөз бар. Бүгінгі күні, өздеріңізбен кездесіп, өткен жылды саралап, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы міндеттері туралы атқаратын жұмыстарды бөлісіп, ұсыныс-пікірлер мен қоғамдағы ортақ мәселелерді талқылау үшін жиналудамыз, — деді облыс әкімі.

Облыс өткен жылдың қорытындысымен әлеуметтік-экономикалық дамуының макроқорытынды бойынша республика өңірлері арасында жоғары орындарға көтерілді. Мәселен, өңірде өнеркәсібінің көлемі 5,6, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,8, инвестициялар тарту 26,8, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 3,3, құрылыс жұмыстарының көлемі 16,6 және сауда көлемі 2,3 пайызға артты. Сонымен қатар инвестиция тарту қарқыны бойынша республика көлемінде бірінші орынға шықты. Аткарылған жұмыстар нәтижесінде инвестиция көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 100,6 млрд теңгеге артты.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жалпыұлттық Бірыңғай жобалар пулы қалыптасып, оған құны 877 млрд теңгеге құрайтын 30 жоба енгізілді. Өткен жылы құны 5,1 млрд теңге болатын 4 жоба іске қосылды. Биыл құны 13,4 млрд теңгеге құрайтын 9 жобаның іске қосылуы жоспарлануда. Біз шетелдік инвесторларды тарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргіздеміз. Былтыр орталықтандырылған жылу мәселесін шешу үшін «Акса энерджи» түрік компаниясымен бірлесіп, қала аумағын жылу және электр қуатымен толық қамтамасыз ететін, 240 мегаватты құрайтын жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Құны 215 млрд теңгеден асатын бұл жоба 2025 жылы аяқталады. Түріктің «Коч Холдинг» компаниясымен Жаңақорған ауданында «Қызылорда — Агроплюс» серіктестігінің томат пастасын өндіру жобасы басталмақ. Жоба құны — 50 млн АҚШ доллары. Инвестициялық жобалар бойынша біз жұмысты жетілдіре береміз. Осы бағытта желтоқсан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Өзбекстанға барған ресми делегациясының құрамында болып, бірнеше іскерлік кездесуге қатысты. Өңірден барған кәсіпкерлермен бірге бизнес форумда ортақ жобаларды талқылады. Сапар барысында Науаи

облысының хәкімі Нормат Турсуновпен бірге екіжақты ынтымақтастықты дамытуды көздейтін арнайы Жол картаға қол қойды. Бүгінде Қызылорда өңірі мен Науаи облысы арасында ынтымақтастықты одан әрі дамыту, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту, тауар айналымын ұлғайту арқылы жаңа жобаларды іске асыруда ортақ мүдде бар, — деді Н. Нәлібаев.

Өңірде тұрғын үй құрылысын салу қарқынды жүріп жатқаны белгілі. Былтыр мемлекеттік бюджет есебінен 9,1 млрд теңге бөлініп, 32 үйдің құрылысы жүргізіліп, оның 12-сі пайдалануға берілді. Ал биыл 23 тұрғын үй халық игіліне беріліп, барлығы 982 отбасына пәтер кілттері табысталады.

— Арнайы қабылданған «Сыр жастары» бағдарламасы аясында алғаш рет 130-дан астам жас отбасыға жеңілдетілген ипотекалық несие беру үшін жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге, «Отбасы банкі» арқылы 500 млн теңге, барлығы 1,7 млрд теңге қаражат бөлініп отыр. Бұл жас отбасылардың баспаналы болуына үлкен қолдау деп санаймыз, — деп атап өтті аймақ басшысы.

Президенттің тікелей бақылауындағы «Қызылорда-Жезқазған» автожолының заманға сай қайта жаңғыртылуын халық ұзақ күтті. Бұл жолдың ұзындығы 216 шақырым, биыл оның 100 шақырымынан астам бөлігін аяқтау межеленуде. Қалған бөлігі 2025 жылдың соңына дейін толық аяқталып, халық игілігіне берілетін болады.

Қаладағы өзекті мәселенің бірі — қоғамдық көлік түйіткілін шешу қолға алынды. «Қызылорда автобус паркіне» «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы лизингке жаңа 150 автобус алуға өткен жылы 1 млрд 434 млн теңге бөлінді. Бүгінде барлығы 150 автобус келіп, қала тұрғындарына қызмет көрсетуде. Жолаушы тасымалы мәселесін түбегейлі шешу үшін биылғы 1 млрд 434 млн теңгеге тағы 150 автобус алуға қаржы бөлінген. Осылайша, барлығы 300 заманауи, жайлы автобус ел игілігіне қызмет ететін болады.

— Аймағымыз үшін басты сала — ауыл шаруашылығында да ілгерілеу бар. Өткен жылы 188,5 мың гектар жерге егін егілсе, оның ішінде негізгі дақыл — күріш 78,6 мың гектарға себілді. Су тапшылығы кезінде Үкімет резервінен 3,6 млрд теңге бөлінді. Каналдар тазаланып, гидротехникалық нысандар жөндеуден өткізілді. 156 насос қондырғысы алынып, 52 ұңғыма бұрғыланды. Аткарылған жұмыстардың нәтижесінде ауыл шаруашылығында өндірілген өнім көлемі 1,8 пайызға артып, 180,1 млрд теңгеге жетті. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарын 195,6 мың гектарға егу жоспарлануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,1 мың гектарға артық, — деді облыс әкімі.

Өңірде әлеуметтік салаға серпін

беретін бірқатар мәселелер кезек-кезеңімен шешімін табуға. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары облыста 27 денсаулық сақтау нысаны салынады. Бұл тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік бермек. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста алдағы 3 жылда 15 100 орынға арналған құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Биыл 10 мектеп құрылысы басталады.

— Осы ретте, ерекше атап өтуіміз қажет, биылға облыс бюджетін 520,7 млрд теңге көлемінде бекітсек, нақтылау нәтижесінде оның көлемі 542,3 млрд теңгеге жетті. Бұл былтырғы бюджет көлемімен салыстырғанда 180 млрд теңгеге немесе 50 пайызға артық. Бюджеттің әлеуметтік бағыты сақталып, оған бюджеттің 70 пайызы немесе 374,7 млрд теңгесі жұмсалмақ. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында біз қай кезде де ашықтық қадатын ұстанамыз. Былтыр құқық қорғау органдары басшыларымен, орынбасарларымен барлық аудандарды аралап, жергілікті тұрғындармен кездесіп, өзекті мәселелерді бірге тыңдап, шешу жолдарын қарастырдық. Қоғамдық бақылау кезінде өзіміз 600-ге жуық тұрғынның мәселесін сараласам, құқық қорғау органдары басшылары 400-ге жуық адамның ұсынысына құлақ асты. Осылайша 8 айдың ішінде облыс көлемінде барлығы мыңға жуық азаматтың мәселесі қаралды. Жеке қабылдау кезінде аса мұқтаж отбасыларға уақытша баспана беру, балалар еміне қайырымдылық қорлары арқылы көмектесу, көпбалалы отбасыларға азық-түлік себеттерін алып беру, қоғамдық жұмысқа орналастыру соғды өтініштерін сол жерде шешілді, — деді облыс басшысы.

Жиында ұсыныс-пікірлерге де кезек берілді. Атап айтқанда, қоғамдық кеңес мүшесі Ерұлан Өмірсеріков ауылшаруашылығына, яғни, ауылға қаражат салып отырған инвесторлармен бірігіп, әр ауылда дамытудың қаржыландырылған өңірлік бағдарламасын жасауды ұсынды. Бұл ұсынысқа облыс әкімі өз пікірін білдірді.

— Президент ауылдарды дамытуға қатысты нақты тапсырмалар берді. Соның ішінде жұмыссыздық мәселесін шешу, ауыл шаруашылығын дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Ол үшін «Ауыл — ел бесігі» сияқты түрлі бағдарламалар бар. Жеңілдетілген несиелер беру де қарастырылған. Ауыл тұрғындары мал ұстап, оның басын көбейтуге, егін егуге ынтығы болса, қолдауға лайындыз. Ауылдарда өнім өңдейтін кәсіпорындар ашуымыз қажет. Ондай жобалар да бар. Тиісті бағдарламалар қабылданып жатыр. Бұл бағытта жұмыстар атқарылауда. Шағын шектар ашуға ниетті азаматтарды қолдауға, оларға көмектесуге дайынбыз, — деді аймақ басшысы.

Отырыста Берік Саймағанбетов «Ұлттық жыраулық дәстүр орталығы» мұзейін ашу туралы ұсынысын жеткізе, Жанабай Бекішов өндірісті дамытуда кәсіпкерлерге «Байқоныр» ӨКК арқылы 2-3 пайыздық несие беруді қолға қою керектігін айтты. Ал Сағатбек Қуанышбайұлы ІІ-ІІІ топ мүгедектеріне қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүрінуе жағдай жасалса деген ұсынысын ортаға салды. Серік Тенізбаев «Бірыңғай кезекшілік диспетчерлік қызмет — 112» жедел қызметі пилоттық жобасын тоқтату туралы ойын жеткізді. Облыс әкімі бұл ұсыныстарға байланысты жан-жақты зерделеу, арнайы комиссия құру керектігін айттып, тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді.

№16 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ АТЫНАН КАНДИДАТ ҚАЙРАТ ШАРШЫБЕКҰЛЫ ЕРНАЗАРОВТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Қайрат Шаршыбекұлы Ернарзов 1965 жылы 15 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. 1981 жылы №144 орта мектепті бітіріп, 1982 жылы Қызылорда политехникалық техникумына оқуға түстім. 1984 жылы «құрылысшы» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 1986 жылы Ресейдің Новосібір

аграрлық университетіне оқуға түсіп, 1991 жылы «ауыл шаруашылығы инженері» мамандығы бойынша тәмамдадым. 2006-2008 жылдары Қызылорда гуманитарлық университетін «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірдім. 1991-1994 жылдары Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері және институттың кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқардым. 2009 жылдан осы уақытқа дейін «Бак-Береке 2030» ЖШС бас директоры қызметін атқарып келемін. 2002 жылдан бері «Қызмет Қызылорда қоғамдық қоры» қайырымдылық қорының төрағасымын. 2020 жылдан бері Қазақстан халық партиясының мүшесімін. Қызылорда қаласының Құрметті азаматымын, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, «Ерен еңбегі» үшін медалімен, ҚР «Құрметті құрылысшы» төсбелгісімен, ҚР Парламенті Сенатының «Құрмет» грамотасымен және «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталдым. Отбасылым. Үш ұл-қыз тәрбиелеп өсірдім.

Қымбатты ағайыны!

Қызылорда қаласына қарасты барлық кент және ауылдық округтердің проблемалық мәселелерімен етене танысып. Сондықтан №16 сайлау округі бойынша «Ақсуат», «Ақжарма», «Қызылөзек», Талсуат ауылдық округі мен Тасбөгет кенті, СПМК-70 шағын ауданының түйткілді мәселесін шешуге ықпал етемін.

Ақжарма ауылдық округі бойынша:
- Ауылды «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету мақсатында жобасметалық құжатты әзірлеу үшін қаржы бөлуге күш салып, округке «көгілдір отынның» келуіне атсалысу;
- Баймұрат батыр ауылына дәрігерлік амбулатория салуға облыстық бюджеттен қаражат бөлуге жұмыс істеу;
- Баймұрат батыр ауылы мен Талдыарал елді мекеніндегі мал жайылымдық жерді зерттеп, орнын анықтау мәселесін қолға алу;
- Округтің кейбір аумақтарында ғаламтөр желісі байланысын күшейтуге ықпал ету;
- Талдыарал елді мекеніндегі ескірген электр бағаналарын жандандырып назарға алу;
- Округтегі тозығы жеткен балалар ойын алаңдарын заман талабына сай қайта жаңғыртудан өткізуді ұйымдастыру.

«Ақсуат» ауылдық округі бойынша:
- Округтегі жана қоныстағы 22,5 шақырым болатын 32 көшеге сапалы электр желісін жүргізу мақсатында тиісті қаражаттың бөлінуіне ықпал жасау;
- «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Ақсуат» ауылдық округіндегі 33 көшеге орташа жөндеу жұмыстарының басталуы мен сапалы аяқталуына қалағалау;
- «Наурыз» шағын ауданында халық саны артуына байланысты дәрігерлік амбулатория салуды қолға алу;
- «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында М.Токтамысұлы, К.Иманбердиев, Орманбаевтар, О.Жақенов көшесінің бас жағына, Х.Манабаев, Ә.Құдабаев, Ш.Беркінов, С.Стамбеков, Байтө, №17 көшелерге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөлінуді қамтамасыз ету;
- «Наурыз» шағын ауданында балалар мен ересектердің спортпен шұғылдануы үшін жабық спорттық кешен мен балалар ойын алаңын салуды қолдау;

«Қызылөзек» ауылдық округі бойынша:
- «Қызылөзек» ауылдық округінің «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету мақсатында жоба-сметалық құжатты әзірлеу үшін қаржы бөлуге күш салып, округке «көгілдір отынның» келуіне атсалысу;
- Тұрғындардың көптен көтеріп жүрген мәселесінің бірі – «Қожақ» автомобиль көпірін күрделі жөндеуден өткізуді қолға алу;
- «Қызылөзек» ауылдық округінің орталығынан балабақша салуға инвестор тарту немесе мемлекеттен қаражат бөліруге ықпал ету;
- Ауылдық округ бойынша электр желілерін қайта жаңғырту жұмысын назарға алу;
- Мемлекет тарапынан ауылдағы каналдарды тазалау арқылы «Шегіртке» жайылымдық жеріне су апаруға қаржы бөлінуі;
- «Қараөзек» бекетіндегі Қараөзек-4 көшесіне малта тас төсеу жұмысын жүргізуге ықпал ету;
- «Қызылөзек» ауылдық

округіне қарасты Қараөзек ауылындағы білім ошағына спорт зал салуды ұйымдастыру;
- Балалар мен ересектердің спортпен шұғылдануы үшін ауылдық округтен жабық спорттық кешен салуды қолға алу;

«Талсуат» ауылдық округі бойынша:
- №178 орта мектептің және «Заңғар» бөбекжай-бақшасының жылу қазандықтарын табиғи газға ауыстыруға ықпал жасау;
- Тұрғындардың сұрауы бойынша №178 орта мектепке жапсарлас оқу ғимаратын салу (мектеп 150 орынға арналған, 2 ауысыммен 403 бала білім алуға) және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді жандық қарастыру;
- «Талсуат» ауылдық округінің халқын аяқпен қамтамасыз ету үшін көшелерге лоток салып, ұнғыма қазуды жүзеге асыру;
- Балалар мен ересектердің спортпен шұғылдануы үшін ауылдық округтен жабық спорттық кешен салуды қолға алу.

Тасбөгет кенті бойынша:
- Тасбөгет кентіне жана емхана салу мәселесін шешу жолдарын жан-жақты қарастыру;
- Кенттегі «Наурыз», «Тасарық» шағын ауданында орналасқан аспаптық жағдайдағы үйлердің мәселесін назарға алу;
- «Сабалақ» саяжайына елді мекен мәртебесін беру және газдандыру мәселесін қолға алу;
- Кент аумағындағы жана бейіт құрылысының жұмысын аяқтау;
- Сондай-ақ «Сабалақ» саяжайының жалпы ұзындығы 14,9 шақырым болатын негізгі 18 көшеге қиыршық тас төселуді назарға алу;
- Тасбөгет кентінің көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салып, түнгі жарық бағаналарын орнатуды жүзеге асыру;
- «Сабалақ» саяжайына дәрігерлік амбулатория салуға облыстық бюджеттен қаражат бөлуге жұмыс істеу;
- «Сабалақ» саяжайына полиция бекетін орнатуды назарға алу;

«СПМК-70» шағын ауданы бойынша:
- «СПМК-70» шағын ауданында салынатын 2000 орындық мектептің құрылысына бюджеттен қаражат бөлініп, оның он нәтиже беруіне ықпал ету;
- Жаңадан бой көтерген көпқабатты үйлердің алдына балалар ойын алаңқайларын салуды қарастыру;
- Электр қуатын көтеретін трансформаторлар салу, түнгі жарық бағаналарын орнатуды жүзеге асыру;
- Ауысу, аяқсу, көріз су мәселелерінің он шешілуіне ықпал ету;
- Жол жөндеу, жүргіншілер жолын салуды назарға алу;
- «СПМК-70» шағын ауданында жыл сайын халық санының өсуіне байланысты үлкен емхана салу мәселесін көтеру;
- Балалар мен ересектердің спортпен шұғылдануы үшін шағын ауданнан жабық спорттық кешен салуды қолға алу.

Кәсіптік сайлаушылар! Халық қалауысы болу – үлкен жауапкершілік. Сенім артық халықтың алдында айтылған әрбір үлкені орындап, адалдық танытуға күш-жігерімді саламын. Елестің осы сайлауалды бағдарламам мақсаттарымызды бірге жүзеге асыратын бірден-бір мүмкіндік болмақ. Егер халық игілігі жолындағы жобалар жүзеге асырылса, ТАНДАУ ЖАСАҢЫЗ!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№9 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР МАМПАЕВ ӘЖІБЕК АЛҒАШБЕКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӨМІРДЕРЕК

Мен, Мампаев Әжібек Алғашбекұлы 1964 жылы Жанакорған ауданында дүниеге келдім. 1992 жылы Ы.Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіптік-инженерлік институтын «инженер-гидротехник» мамандығы бойынша аяқтадым. Кәсіби еңбек жолымды Жанакорған ауданы су шаруашылығы мекемесінде инженер-гидротехник қызметінен бастадым. 1998-1999 жылдары «Асыл» шаруа қожалығына, 1999-2013 жылдар аралығында «Зеленстрой» ЖШС-на басшылық жасадым.

Құрметті жерлестер!

Мен бұған дейін Қызылорда қалалық мәслихатының VI шақырылымы бойынша депутат болып сайландым. 2016-2021 жылдар аралығында партияның сайлауалды бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар:
• К.Мұхамеджанов атындағы №1 мектепте күрделі жөндеу жүргізілді;
• №8 мектепте ағымдағы жөндеу жүргізілді. Ауласы абаттандырылып, көркейту жұмыстары жасалды, қажетті жерлерге асфальт төселді;
• Округ бойынша әлеуметтік ақпараттық етілген отбасыларға қолдау жасалды;
• Батырхан Шөкенов атындағы аллеяда ұнғыма қазылып, көркейту шаралары жүзеге асты;
• Округ бойынша мектеп, балабақша қызметінің тұрақты жұмысы үшін ұсыныстар берілді, ата-аналардың талап-тілегі ескерілді;
• Жастар саясаты, қоғамдық тәртіп, қылмыстың алдын алуға тиісті өкілдіктермен ұдайы байланыс орнатылды;
• Тазалық, көркейту шаралары ұйымдастырылып, белсенді тұрғындардың бастамасы қолдау тапты;



• Қоғамдық көлікке қатысты маңызды ұсыныстар берілді;
• Ауысу, көріз жүйесі, жарық және жолға қатысты өзекті мәселелер қолдау тапты.

Құрметті сайлаушылар!

Біздің басты мақсатымыз – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ құру жолында күш біріктіру. Осы орайда мен алдыма бірқатар нақты міндеттер қойдым:
1. Тұрғындардың ұсыныс-тілегіне орай он шешімдер қабылдау;
2. Округке қарасты тұрғын үйлердің су, жылу, көріз жүйелерін жаңғыртуға атсалысу;
3. А.Байтұрсынов атындағы №211 мектепке күрделі жөндеу жұмыстарының сапалы жасалуын қалағалау;
4. Н.Ильясов атындағы №9 мектептің жобалық-сметалық құжаты бойынша күрделі жөндеу жұмыстарына қаражат бөлуге ықпал жасау;

2013-2019 жылдары Қызылорда қаласындағы Тұңғыш Президент атындағы саябақтың директоры міндетін атқардым. Қазіргі таңда «Зеленстрой» ЖШС мекемесінің директорымын. Қызылорда қалалық мәслихатының VI шақырылымының депутаты болдым. «AMANAT» партиясының мүшесімін. ҚР Президентінің және ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының, Қызылорда облысы әкімі мен Қызылорда қаласы әкімінің «Алғыс хаттары» және облыстың Құрмет грамотасының иегерімін. Республикалық «Жылдың үздік көгалдандырушысы» номинациясын алдым. Отбасында 1 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отырмын.

- 5. Қиыршық тас төселетін көшелердегі жұмысты бақылау;
6. Сайлау округінде қажеттілікке орай балаларға арналған ойын, спорт алаңдарын салу бастамаларын қолдау;
7. Түнгі жарық бағаналары орнатылатын көшелер жұмысын қадағалау;
8. «Ақмешіт» мөлтек ауданында көпқабатты тұрғын үйлерге кезең-кезеңімен модернизация жұмысын жүргізуге ықпал ету;
9. Қоғамдық көлік қызметін реттеу;
10. Тазалық, көгалдандыру жұмыстарын пысықтау;
11. Қоғамдық қауіпсіздік мәселесі қай кезде де өзектілігін жоймайды. Қылмысқа, төтенше жағдайдың алдын алуға және оған жедел әрекет етуде тиісті атқарушы органдармен бірлесу жұмысы жасау маңызды деп есептеймін.

Құрметті жерлестер!

Сенім – үлкен жауапкершілік. Қоғам мүддесі үшін айтылатын әрбір талап-тілекті бей-жай қалдырмау үшін Сіздердің қолдауларыңыз өте маңызды. Қаланың әрбір тұрғыны жақсы өмір сүруге лайықты.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

БЕЙБАРЫС СҮЛТАН КӨШЕСІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Айта кетсек, биыл Бейбарыс сұлтан көшесі бойын қайта жаңғырту бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылады. Өткен жылы құрылысы басталған «Неке сарайы», «Өнер орталығы» секілді ғимараттар ел игілігіне айналады. Ендігі кезекте көше бойындағы ғимараттар алдында халыққа жайлы орындар жасалатын болады. Көпірден бастап аллея және парк секілді демалыс орындары салынады. Ал Бейбарыс Сұлтан көшесінің Назарбаев даңғылынан теміржол үстіндегі көпір аумағына дейінгі бөлігіне төрт жолақты жол салынады. Сондай-ақ, жол бойындағы жылу құбырларын жер астына түсіру ойластырылып отыр. Бұл халықтың көптен бері көтеріп жүрген мәселесі еді.

Облыстың оңтүстік бөлігінен кіреберіс Бейбарыс сұлтан көшесін қайта жаңғырту мәселесі де ұзақ жылдан бері көзге алынған жатқан болатын. Ауқымды жұмыстарды ерте бастап қолға алдық. Ауа райының қолайлы болуы да сапалы іс атқаруға жол ашды, – деді облыс әкімі. Айта кетейік, биыл Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты елді мекендердегі 236 көшеге орташа жөндеу жүргізу үшін 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Оның ішінде 99 көшеге асфальт және 137 көшеге тас жол құрылысын салу жоспарлануда.

Аймақ басшысы келесі кезекте «Қызылжарма» каналы арқылы «Бөйтерек» ықшам ауданына өтетін көпір құрылысымен танысты. Өткен айда іргетасы қаланған



1-бөт.

МЫЗҒЫМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛГЕН КҮН



«Достық үйінде» 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған іс-шара өтті. Салтанатты жиынға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Нұрymbет Сақтағанов аймақ тұрғындарын айтулы мерекемен құттықтап, Сыр елінің дамуы мен көркеюіне үлес қосқан жерлестерге алғысын жеткізді.

Бибілат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

Баршанызды көктем шауағымен келген Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – достық пен бірлікті көрсететін, қазақстандық патриотизмді ұлағаттайтын, аламырдың бір-біріне мейірбандығын, сүйіспеншілігін, достығын көрсететін ерекше күн. Ортамызда алдыңғы буын – ағаларымыз, бүгінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуына өз үлесін қосып жүрген орта буын, Жана Қазақстанның, Әділетті Қазақстанның сенімді серіктері – жастарымыз отыр, – деді Н.Сақтағанов. Облыс әкімінің орынбасары күнделікті ел алдында жүрмесе де, еселі еңбегімен аймақ дамуына үлес қосып жүрген сала мамандарына жеке-жеке тоқталды. Табиғат апаты кезінде зардап шеккен халыққа көмек көрсеткен қазақстандық құтқарушылар, дәрігерлер, қарапайым азаматтарға ризашылық білдіріп, ел үшін аяғай еңбек еткен барша маман иелеріне құрмет көрсету қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, аймақтағы маңызды жобаларға демеушілік етіп жүрген

кәсіпкерлерге айрықша алғыс айтып. – Былтыр мердігерлер өз қаржысына 1,6 млрд теңгеге 80 ойын алаңын салып, «Балалар жылында» балдырғандарға тарту етті. Жаңакорған ауданының орталығында 790 млн теңгеге заманауи демалыс паркі, Сырдария ауданының Н.Ильясов ауылында 350 млн теңгеге «Еңбекшілер аллеясы» салынды. Қызылорда қаласында Қорқыт ата әуежайы демеушілер есебінен 100 млн теңгеге жөндеуден өтіп, Болат Өтемұратов қоры жалпы құны 12 млрд теңгеге жана әуежай терминалының құрылысын бастап кетті. Арал ауданында 500 млн теңгеге жеке кәсіпкер мектеп салуда. Айта берсек мұндай жомарт жандар көп. Олардың істері жастарға – өнеге, тарихқа – тағылым, көпшілікке – игілік, – деді облыс әкімінің орынбасары. Мерекелік жиында өз ісінде біліктілігімен, еңбекқорлығымен көзге түскен азаматтарға құрмет көрсетілді. Облыстық ҚХА жанындағы аксақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Баймырза Қожамбердиев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Алғыс» төсбелгісімен, облыстық көрей этно-мәдени бірлестігінің мүшесі Денис Пак Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, еңбегімен дараланған бірақатар азаматтарға облыс әкімінің Алғыс хаты тапсырылды. Салтанатты жиын соңы жергілікті өнерпаздардың қатысуымен өткен концерттік бағдарламаға ұласты.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы 03 ақпандағы №20 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Занының 27-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Занының 17-бабының 6), 7) тармақшаларына және «Мемлекеттік органдармен олардың құрылдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оған «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дін саласындағы функцияларды бере отырып, «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

3. Қоса беріліп отырған «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

4. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 қазандағы №605 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

5. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы №678

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

6. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі №176 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

7. Жойылсын:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 қарашадағы №635

қаулысы;

2) «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 520 қаулысы.

8. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары заңнамда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдайсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ш.А. Байманова жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н. Нәлібаев**

турақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;

9) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ, үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейнлеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім қабылдау;

10) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

11) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді;

12) қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, тиісті аумақтарда құрылған діни бірлестіктердің және миссионерлердің қызметін зерделеуді жүзеге асырады, олар туралы деректер банкің жасайды, өз қызметіне жататын мәселелер бойынша өңірлік деңгейде ақпараттық-насихат іс-шараларын жүзеге асырады, өңірдегі діни ахуалға зерделеу мен талдау жүргізеді;

13) Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына сәйкес шараларды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады;

15) мемлекеттік орган болып табылмайтын ведомстволық бағынастық облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғыларында (ережелерінде) Қызылорда облысы әкімдігінің атынан құрылтайшы ретінде әрекет етеді;

16) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктеріді жүзеге асырады.

3-тарау. Қызылорда облысының дін істері басқармасының бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қызылорда облысының дін істері басқармасын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылорда облысының дін істері басқармасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қызылорда облысының дін істері басқармасының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Қызылорда облысының дін істері басқармасының бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасары (орынбасарлары) болады.

19. Қызылорда облысының дін істері басқармасының бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін

облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз қызметінің шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда

Қызылорда облысының дін істері басқармасының мүддесін білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз қызметіне жататын Қызылорда облысының дін істері басқармасы қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірлеуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері оның қызметіне жататын Қызылорда облысының дін істері басқармасы қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жазаларды және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Қызылорда облысының дін істері басқармасы атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасалы;

9) сенімхаттар береді;

10) өз өкілеттіктерін ұйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

12) Қызылорда облысының дін істері басқармасы жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) облыс әкімдігі мен әкімінің әктілері мен тапсырмаларын орындайды;

14) Қызылорда облысының дін істері басқармасы құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

15) қызметінің шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) сотта Қызылорда облысының дін істері басқармасының мүддесін білдіреді, Қызылорда облысының дін істері басқармасының атынан талапкер, жауапкер ретінде әрекет етеді;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктеріді жүзеге асырады.

Қызылорда облысының дін істері басқармасының бірінші басшысы болмаған кезінде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Қызылорда облысының дін істері басқармасының бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қызылорда облысының дін істері басқармасының мүлкі

21. Қызылорда облысының дін істері басқармасының заңнамда көзделген жағдайларда желел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қызылорда облысының дін істері басқармасының мүлкі оған меншік несі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

22. Қызылорда облысының дін істері басқармасына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

Қызылорда облысының дін істері басқармасына қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі табылады.

23. Егер заңнамда өзгеше көзделмесе, Қызылорда облысының дін істері басқармасының өзіне бекітілген мүлкі және қаржыларының жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкіті

өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедігі тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Қызылорда облысының дін істері басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қызылорда облысының дін істері басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының дін істері басқармасының қарамағындағы ұйымдардың тізібесі:

1) «Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы «03» ақпандағы № 20 қаулысына 1-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «12» қазандағы № 605 қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Қызылорда облысы әкімінің аппараты) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру бойынша, азаматтық қорғау, аумақтық қорғаныс, азаматтарды әскери қызметке шақыру функцияларын жүзеге асыратын және өз қызметінің шегінде терроризмге қарсы іс-қимыл, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету, цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету салаларындағы функцияларды жүзеге асырады.

Қызылорда облысының дін істері басқармасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылорда облысы әкімі аппаратының ведомстволары жоқ.

3. Қызылорда облысы әкімінің аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қызылорда облысы әкімінің аппараты мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасы бейнеленген мөрін және атауы қазак және орыс тілдерінде жазылған мөртабаналары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылатын азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

5. Қызылорда облысы әкімінің аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қызылорда облысы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Қызылорда облысы әкімінің аппараты өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамда белгіленген тәртіппен Қызылорда облысы әкімінің аппараты басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылорда облысы әкімінің аппараты құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, ғимарат 1.

10. Осы ереже Қызылорда облысы әкімі аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызылорда облысы әкімі аппаратының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылорда облысы әкімінің аппаратына қоспінкерлік субъектілерімен Қызылорда облысы әкімі аппаратының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау турғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қызылорда облысы әкімінің аппаратына заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, оны алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Қызылорда облысы әкімі аппаратының мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Қызылорда облысы әкімінің қызметін ақпараттық-талдау турғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету;

2) жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, азаматтық қорғау, аумақтық қорғаныс, азаматтарды әскери қызметке шақыру қызметін үйлестіру, күш құрылымдарымен өзара әрекет ету және өз қызметінің шегінде терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстарды атқару;

3) Қызылорда облысы экономикасының даму қарқынын жылдамдату және цифрлық технологияларды қолдану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ, цифрлық экономиканы құруға мүмкіндік беретін Қызылорда облысы экономикасын дамытуды жана траекториясына қошуға жағдай жасау;

4) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі қағидаларын «Байқоңыр» кешенінде орналасқан қазақстандық мемлекеттік билік органдарының іске асыруы жөніндегі жұмысты жүргізу;

5) «Байқоңыр» кешенінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өңірдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдай туралы аналитикалық материалдар әзірлеу.

14. Өкілеттіктері:

1) Қызылорда облысы әкімінің аппараты өзіне жүктелген міндеттерді және оның функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамда бекітілген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

2) өз қызметіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

3) қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

2) міндеттері:

1) өңірдегі діни ахуалды зерделеу, оған талдау жүргізеді;

2) өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді;

3) уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

5) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

6) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

7) өз қызметіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

8) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды,

діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

жеке және заңды тұлғалардың Қызылорда облысы әкімінің аппаратына жолданған жолданымдарын қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беру;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамда қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

15. Функциялары:

1) Қызылорда облысы әкімінің қызметін ақпараттық-талдау турғысынан,

ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді;

2) Қызылорда облысы әкімінің мәжілістерін дайындайды және өткізуді ұйымдастырады;

3) Қызылорда облысы әкімінің және оның орынбасарларының қатысуымен іс-шараларды ұйымдастырады;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларының, Премьер-Министрдің орынбасарлары, Премьер-Министрдің орынбасары - Үкімет Аппараты Басшысы тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

5) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға құжаттамалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруді, әдістемелік басшылық жасауды және архив ісін басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган белгілеген құжаттармен жұмыс істеу тәртібін сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

6) Қызылорда облысы әкімдігі қаулыларының және Қызылорда облысы әкімінің шешімдерін мен өкілдерінің жобаларына сараптама жүргізеді;

7) Қызылорда облысы әкімінің нормативтік құқықтық актілерін есепке алады және жүйелеуді жүргізеді;

8) Қызылорда облысы әкімдігі қаулыларының, Қызылорда облысы әкімінің шешімдері мен өкілдерінің, әкімдік мәжілістерінің хаттамалары түпнұсқаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

9) алқабиге кандидаттардың бастапқы тізімдерінің негізінде алқабиге кандидаттардың бірыңғай тізімін жасайды;

10) алқабиге кандидаттардың бірыңғай және қолсалқы тізімдерін облыстық сотқа жібереді;

11) тәртіптік, конкурстық, аттестаттар және қалар мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастырады;

12) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар басшыларының және аппаратының мемлекеттік әкімшілік

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

65) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерін, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының объектілерін, сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-3-бабында көрсетілген қызметінің объектілері қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен келісу бойынша облыстың аумағында орындалған, террористік тұрғыдан осы объектілердің тізбесін әзірлейді және бекітуді және объектілерінің меншік иесінің, иеленушілерінің, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдарының осы объектілердің тізбесіне енгізілуі туралы хабарлар етуді қамтамасыз етеді;

66) Қызылорда облысының аумағында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

67) көрсетілген қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабарлар болуын қамтамасыз етеді;

68) көрсетілген қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарайды;

69) көрсетілген қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, босқадықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолданады;

70) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің оңтайландыру жөнінде шаралар қолданады;

71) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері бойынша ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

72) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға электрондық нысанда көрсетілген мемлекеттік қызметтер сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

73) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына береді;

74) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізеді;

75) көрсетілген қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді сақтауын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

76) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қолданады;

77) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, сондай-ақ, ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

78) жергілікті атқарушы орган қызметінің бағыттарын және мемлекеттік органдардың архитектурасын әзірлеу, іске асыру, іске асырылуын қолдау отырып, «электрондық үкіметтің» архитектурасын, «электрондық өкіметтің» үлгілік архитектурасын дамыту жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

79) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құрады және дамытады;

80) жергілікті атқарушы органдардың электрондық ақпараттық ресурстарының толықтырылуын жүзеге асырады, олардың анықтығын және жанартылып отырылуын қамтамасыз етеді;

81) мемлекеттік органның архитектурасын бекітуді және оны іске асыру мен дамытуды қамтамасыз етеді;

82) «электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін есепке алуын және жанартып отыруды жүзеге асырады;

83) өз интернет-ресурстарында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жұмыстары мен нәтижелері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастырады;

84) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің әзірленген бағдарламалық қамтылуын, бастапқы бағдарламалық кодтарын (боған кезде), лицензиялық бағдарламалық қамтылуының бапту кешенін есепке алу және сақтау үшін «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына беруді қамтамасыз етеді;

85) техникалық құжаттаманың қағаз жеткізілген тәртіптегі түпнұсқаларын сақтауды қамтамасыз етеді және оларды «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына оның сұрау салуы бойынша ұсынады;

86) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде стандартты шешімдерді пайдалануды жүзеге асырады;

87) мемлекеттік органдардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарына және ақпараттық желілеріне жеке және заңды тұлғаларының қоғамдық қол жеткізуін қамтамасыз етеді және олардың қол жеткізуін уәкілетті органдардың уәкілетті органдарымен келісу бойынша қамтамасыз етеді;

88) инфрақұрылым сауаттылықты арттыру үшін жағдай жасайды;

89) ашық деректердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ашық деректерді орналастыру жөнінде шаралар қолданады;

90) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында интернет-ресурстарды орналастыру, сондай-ақ, олардың анықтығын және жанартылып отырылуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

91) ақпараттық-коммуникациялық көрсетілген қызметтерінің каталогына сәйкес оператордан ақпараттық-коммуникациялық көрсетілген қызметтерді сатып алады;

92) операторға «электрондық үкімет» веб-порталын ақпараттық толықтырып отыру үшін қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды береді;

93) өз қызметі шегінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жататын объектілерді айқындау жөнінде шаралар қолданады;

94) операторға уәкілетті орган айқындаған тәртіпін, функцияларды мемлекеттік органдардың іске асыру мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімді береді;

95) жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде тұрғылықты жері бойынша сайлаушылардың тізімін жасау бойынша жұмыстарды қамтамасыз етеді;

96) мемлекеттік орган болып табымайтын ведомстволық бағынысты облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғыларында (ережелерінде) Қызылорда облысы әкімдігінің атынан құрылтайшы ретінде әрекет етеді;

97) «Байқоңыр» кешенінің үйлестіру кенесімен, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының мемлекеттік органдарымен, мемлекеттік мекемелерімен, ұйымдарымен және лауазымды адамдарымен, сондай-ақ Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысымен, өз қызметін «Байқоңыр» кешенінде жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;

98) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін жүзеге асыру үшін «Байқоңыр» кешенінде тұратын әрі жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерінде «Байқоңыр» кешені инфрақұрылымын жұмыс істейтін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында

өзара түсіністікті нығайту, ынтымақтастықты дамыту, «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы халықаралық шарттық-құқықтық базаның мониторингін жүргізу бойынша қажетті материалдардың әзірленуін қамтамасыз ету;

99) азаматтар мен ұйымдардың Конституциясын, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінің, халықаралық шарттардың және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

100) олардың қызметіне жалпы үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында «Байқоңыр» кешенінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мекемелерімен өзара іс-қимыл жасау;

101) «Байқоңыр» кешеніндегі қазақстандық мемлекеттік органдардың, мекемелерінің және мемлекеттік қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметін орындауына жәрдемдесу;

102) қоғамдық пікірді зерделеу, өңірдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалдың дамуына болжам жасау;

103) «Байқоңыр» кешені аумағында тұратын азаматтардың өтініштерін қарай;

104) мемлекеттік органдардың Байқоңыр қаласы әкімшілігімен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

105) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі материалдарды, ұсыныстарды және өзге де құжаттарды әзірлеу;

106) мемлекеттік бағдарламалар мен Байқоңыр қаласын, Төртатам және Ақай елді мекендерін әлеуметтік-экономикалық дамыту жобаларының іске асырылуын жалпы үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

107) орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың «Байқоңыр» кешеніндегі Қазақстан Республикасы заңдық құрылымын және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталу мәселелерін қозғайтын шешімдерінің жобаларын келісуді қамтамасыз ету;

108) Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктері жүзеге асырады.

3-тарау. Қызылорда облысы әкімі аппаратының бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қызылорда облысы әкімінің аппаратын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылорда облысы әкімінің аппаратына жүктелген міндеттерін орындауына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады;

17. Қызылорда облысы әкімі аппаратының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады;

18. Қызылорда облысы әкімі аппаратының бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары (орынбасарлары) болады.

19. Қызылорда облысы әкімі аппаратының бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Қызылорда облысы әкімінің аппаратына жүктелген мақсаттары іске асыруды ұйымдастырады;

2) өз қызметі шегінде Қызылорда облысы әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) Қызылорда облысы әкімі аппаратының құрылым мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

4) Қызылорда облысы әкімінің аппаратындағы «Б» корпусының мемлекеттік өкімшілік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

5) Қызылорда облысы әкімі аппаратының тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

6) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың қызметіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, Қызылорда облысы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, оларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемалқылар белгілеу мәселелерін шешеді;

8) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың қызметіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, Қызылорда облысы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

9) өз қызметі шегінде Қазақстан Республикасының сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Қызылорда облысы әкімінің және Қызылорда облыстық мәслихаты қабылданған шешімдерін орындауына бақылауды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктері жүзеге асырады.

Қызылорда облысы әкімі аппаратының бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қызылорда облысы әкімі аппаратының мүлкі

21. Қызылорда облысы әкімі аппаратының заңнамада көзделген жағдайларда желді басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қызылорда облысы әкімі аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінде қалыптастырылады.

22. Қызылорда облысы әкімінің аппаратына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

Қызылорда облысы әкімінің аппаратына қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі табылады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қызылорда облысы әкімі аппаратының өзіне бекітілген мүлкі және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкі өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгешіле тосілмен білік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Қызылорда облысы әкімінің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қызылорда облысы әкімінің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысы әкімі аппаратының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімінің іс-қимыл басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Ақпараттық технологиялар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Желді әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Ғарыш-инфрақұрылым» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қызылорда облысы әкімінің 2023 жылғы «03» ақпандағы № 20 қаулысына 2-қосымша

Қызылорда облысы әкімінің 2017 жылғы «4» қаңтардағы № 678 қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы) жастар саясаты, Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы қызметін қамтамасыз ету, волонтерлік қызмет, тілдерді дамыту, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру саласындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының ведомстволары жоқ.

3. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ереже сөйкес жүзеге асырады.

4. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы белгіленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрбәтабымен, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының құрылым мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, ғимарат 1.

10. Осы ереже Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасын көсіпкерлік субъектілерімен Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының өкілетті болып табылатын міндеттерін орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы заңнамалық актілер мен кіріс өкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) өңірде ішкі саяси тұрақтылықты, ел бірлігін қамтамасыз ету және қоғамды топтастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өңірдегі жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық саяси салаларында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің, облыс әкімінің, Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының құзырына қатысты мәселелер бойынша актілері мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының даму стратегиясын, жоспарларын, Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларының, мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен басқа да стратегиялық құжаттардың негізгі басымдықтарын өңірде түсіндіру мен насихаттау;

5) өңірде ішкі саяси саласындағы маңызды бар бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

6) өңірде ішкі саяси саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру бойынша практикалық ұсыныстар, Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын тиімді іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) өңірдегі ішкі саяси процесстердің даму үрдістерін зерделеу және оларға талдау жүргізу;

8) азаматтық қоғам институттарымен, өңірдің қоғам жұртшылығының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау;

9) жергілікті мемлекеттік атқарушы органдардың интернет ресурстарына, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу және олардың нәтижелерін қажеттілігіне орай тиісті органдарға ұсыныстар қолдау;

10) өңірде мемлекеттік және салааралық бағдарламаларын жүзеге асыруды туралы ақпараттың республикалық және жиерлік сайттарда жариялануын қамтамасыз ету;

11) Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы, Қазақстан Республикасының Президенті – Ассамблея Төрағасының қызметін қамтамасыз ету, Ассамблея Кенесінің және Төраға орынбасарларының шешімдері мен тапсырмаларын орындау;

12) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

13) жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тарту;

14) азаматтыққа тәрбиелеу және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту;

15) мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мәселесі бойынша меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың қызметін үйлестіру және өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру;

16) мемлекеттік тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік және талдамалық зерттеулер жүргізіп, оны жүзеге асыруды тиімділігін арттыру, мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолдану



ЖӘДІГЕР

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде дәулескер күйші Қазанғап Тілепбергенұлы домбырасының көшірмесін музей қорына қабылдау рәсімі өтті. Іс-шараның мақсаты – музей қорын толықтыра отырып, ұлы тұлғаның ұлттық мұрасын еске алуға ұрпаққа насихаттау.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Дәуірдің дара күйшісінің домбырасы

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің директоры Ұлжан Байбосынова қатысты.

Сыр бойындағы күйшілік өнер өзінің орындаушылық мәнерімен ерекшеленеді. Кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырған Қазанғап бабамыздың барша қазақ үшін орны ерекше. Бүгін күйшінің жанына серік болған қасиетті домбырасы Сыр өлкесіне жетіп, құнды жәдігерлер қатарына қосылмақ. Қасиетті аспапты жыр өлкесіне аманаттаған жандарға алғыс білдіреміз. Ұлттық қадірлігін ұлы тұлғалардың мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жете берсін, – деді Н.Сақтағанов.

Қазанғап Тілепбергенұлы 1854 жылы Құланды түбегінің Ақбауыр деген жерінде дүниеге келген. Бүгінде оның шығармалары өскелең ұрпаққа рухани нәр беретін қазына ретінде құнды. Ал күйлері адамның көңіл-күйін дөп басатын сырлы сезімге толы. Өз заманының озық суреткері күй өнерін жаңа қырынан танытып, ой мен сезімді қатар қолдана білген. Күйшінің қай шығармасы болсын елдің жан күйзелісін, қайғы-қасіретін, бастан кешкен тарихын баяндайды.

Бабалан қалған жауһар жәдігерді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Франция әдебиеті мен өнерінің кавалері» орденінің иегері, белгілі жыршы Ұлжан Байбосынова музей қорына салтанатты түрде табысты.

– Қазанғап Тілепбергенұлы – дәуірде бір туатын дара күйші. Күй арқылы адам жанының нәзік қылын шертетін талантты сазгер. Бүгінде 70-ке жуық күйі сақталған. Ал қасиетті домбырасы – екі ішекті, күйге арналған, көлемі шағын, қалақша пішіндес. Бұл домбыраның түпнұсқасын белгілі домбырашы С.Балмағанбетов талай жыл сақтаған. 2009 жылы аспаптың түпнұсқасы Ықылас атындағы халық аспаптар музейіне табысталып, жауһар жәдігерлер қатарында. Құдіретті аспаптың ұрпақтан ұрпаққа жетуіне атсалысып жүрген азаматтарға алғыс айтамын, – деді Ұ.Байбосынова.

Жиын соңында ұлы баба туралы бейнеролик көрсетіліп, Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің оқытушысы Жұмабек Жансұлтан «17 жасар Балжан кыз» күйін орындап берді.

Сынаққа тосқауыл қойған қозғалыс



Облыс орталығындағы «Тағзым» алаңында Семей полигонынан зардап шеккен азаматтарды еске алу жиыны өтті. «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының 34 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов қатысты. Жиынның алғашқысында ардагерлерге алғыс айтып, жергілікті атқарушы органдар тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді.

– Семей ядролық полигонының жабылғанына 34 жыл толды. Мемлекетіміз тәуелсіз ел ретінде тарихи шешім қабылдады. Ұзақ жылдар бойы жапа шеккен халқымыздың қасіреті сейіліп, ядролық сынақтарға тосқауыл қойылды. Бүгінгі ұрпақ сол азаматтардың ерлігін ерекше ба-

ғалап, құрмет тұтуы тиіс, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Облыстық «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы С.Әбіш Семей ядролық полигонының елімізге әкелген қасіреті туралы сөз қозғап, сонда қызмет еткен ардагерлерге ризашылығын білдірді.

1989 жылдың 28 ақпанында Олжас Сүлейменовтың бастамасымен жалпыхалықтық антиядролық «Невада-Семей» қозғалысы құрылып, еліміз ядролық қарудан бас тартқан бірден-бір мемлекет ретінде әлемге танылды.

Жиналғандар ядролық сынақ зардабын тартқан азаматтардың рухына бас иіп, бір минут үнсіздікпен еске алды. Ескерткішке гүл шоқтарын қойып, Құран бағыштады.

Мұнан соң Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының 34 жылдығына арналған жиын өтті.

Басқосуға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов, зиялы қауым өкілдері қатысты.

– Семей ядролық полиго-

нын жабуда «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының орны ерекше екені белгілі. Полигонның адам денсаулығы мен табиғатқа келтіретін зиянын, аламзат баласына төндіретін қауіп-қатерін ашық жариялай отырып, алғаш халықтық бастама көтерген де осы халықаралық ұйым болатын. Қозғалыс тәуелсіздік жаршысы болды. Жарты ғасырға жуық сынақ алаңына айналған аймақта облыс бойынша 1000-ға жуық ардагер Отан алдындағы борышын өтеген. Аймағымыздың дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген ұйым мүшелері, Семей сынақ алаңында әскери борышын өтеген ардагерлер қандай да құрметке лайық, – деді А.Есмаханов.

Жиында қоғамдық келісім мекемесі директорының орынбасары Дәулет Омаров, облыстық «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Әбіш жеке қоғамдық бірлестік мүшесі Қожабай Макиев баяндама жасады.

Сондай-ақ, қоғам дамуына атсалысып жүрген ардагерлер облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

СЫР ПЕРЗЕНТТЕРІ

Әнің Алаш аспанында қалықтасын

Жақында Қызылордадағы Н.Бекөжанов атындағы облыстық музыкалық драма театрында талантты өңші-композитор, республикалық байқаулардың лауреаты Гүлнұр Нұрасылдың «Анамның жаққан ошағы» атты шығармашылық ән кеші өтті.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Көрерменге рухани қуаныш сыйлаған кеште композитордың бірнеше әні өзін және қазақ эстрадасының жұлдыздары – Ақбота Керімбекова, Индира Елубаева секілді белгілі өңшілердің орындауында тыңдарманына жетті. Мөлдір Айтбай, Ақжол Түменбай секілді талантты ақындар кеш мазмұнын байыта түсті.

Гүлнұр – өзінің топырақ пен қаннан сіңген өнерімен өрге шыққан талант.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті музыка факультетінің түлегі Гүлнұр 2005 жылы Н.Бекөжанов атындағы облыстық академиялық драма театрында актриса болып еңбек жолын бастады. Сахнаға шыққан еліктің лағындай

кішкентай қыздың үлкен өнері бірден-ақ байқалды. Сол кезде композиторлық өнерге тәй-тәй қадам басқан Гүлнұрдың алғашқы әндерінің біріне мен сөз жазып берген едім.

Көп ұзамай Гүлнұр түз-дәм тартып, Алматы жаққа кетті. Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясында және Талдықорған әуендерінің этнографиялық ансамбліне өңші болды.

Рухани ортаға түскен Гүлнұрдың бойындағы туа бітті таланты осы кезде жарқырай ашылды. Оның әндерін Мейрамбек Беспәев, Саят Мелуев, Роза Әлқожа, Заттыбек Көпбосынұлы, Тамара Асар, Дана Маханбаева сынды белгілі өңшілердің орындауында

ести бастады. Қуанып, марқайып жүрді. Гүлнұр туралы жағымды пікірлер әлеуметтік желіде желдей есті.

Енді міне, туып-өскен қасиетті Сыр еліне келіп, шығармашылық жолына берілген есептегі болған концерт Гүлнұрдың өнер әлеміндегі жана бейнесін паш етті.

Осы кешке қазақ рухани байрақ болған «Қазақ кызы» өнінің авторы Рамазан Тайманов: «Гүлнұр бүгін үнімен емес, жүрегімен ән салды» деп ризашылық танытты. Осы сөзден артық баға жоқ деп есептеймін.

Жүрегімен салған әнін Алаштың аспанында қалықтай берсін, гүлден нәзік, болаттан берік өнер иесі Гүлнұр өңші!

Сурет ашық дереккөзден алынды.

Өнегелі өмір иесі еді

Ғазиз ғұмырын Отанын қорғауға, отбасын биікке шығарып, намыс туын тік ұстап өткен азаматтар жетерлік. Сондай жандардың бірегейі Жанымбек Нұрекеұлы Досжанов 2022 жылдың 4 наурызында фәниден озған еді.

Өнегелі өмір иесі 1 қаңтар 1952 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Қызылорда қаласындағы №140 орта мектебін бітіріп, еңбек жолын 1969 жылы Жоласушыларды тасымалдау автотрансінің автоэлектршісі болып бастаған. Осы мекеменің жолдамасымен 1977 жылы КСРО ІІМ-нің Қарағанды қаласындағы Жоғары милиция мектебін заңгер-құқықтанушы мамандығы бойынша бітірген. 1974-1995 жылдары Қарағанды облыстық Ішкі істер басқармасының Совет аудандық ІІБ-ның социалистік меншікті талап-тарапта салумен кәсіби (ОБ ХС) бөлімшесінің инспекторы, Қызылорда облыстық Ішкі істер басқармасының Сырдария аудандық ІІБ-ның тергеушісі, 1975-1995 жылдары Сырдария ауданында тергеу бөлімінің бастығы, 1995-2004 жылдары Жанакорған ауданы бойынша Мемлекеттік тергеу комитетінің бөлім бастығы, осы ауданда Ішкі істер бөлімінің бастығы, ҚР ІІМ «Күзет» республикалық мемлекеттік мекемесінің Қызылорда облысындағы бөлімінің бастығы, Қызылорда облысы бойынша Қаржы полициясы департаментінің ақпараттық-талдау бөлімінің баспасөзбен байланыс тобының аға инспекторы, департаменттің ұйымдастыру, бақылау басқармасы штабының кезекші бөлімінің бастығы қызметін айбырмен атқарып, 2004 жылы шекті жасына байланысты Қаржы полициясының полковнигі шешімен отставкаға шыққан.

Құқық саласында жеке басының үлгісімен жас қызметкерлерді патриотизм рухында тәрбиелеуге өз үлесін қосып, тәжірибелі маман және өз ісінің шебері ретінде айырылмай атқарған қызметі үшін Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы ІІМ-нің ең үздік тергеушісі деп танылып, 3-дәрежелі марапаттарға ие болып, «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін», «Милиция үздігі» медальдарымен, «Ішкі істер милициясы үздік қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің еңбек жайлы заңнаманың орындалуын бақылау бөлімінің бастығы қызметін атқарып, кейіннен жеке нотариус болып халыққа қызмет көрсетті.

Запастағы полковник, Ішкі істер органдарына еңбегі сіңген қызметкер, құрметті ардагер, ауылу жар, камкор аке, сенімді әріптес, білікті басшы болған Жанымбек Нұрекеұлы ғұмырының 34 жылын құқық қорғау саласына арнады. Облысымызда өзінің орны бар Жанымбек Нұрекеұлы зейнетте жүрсе де тынымсыз еңбегімен еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосты.

Алла алдынан жарылап, пейіште орны болсын.

Еске алушылар: Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті ардагерлер кеңесінің ұжымы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы және ардагерлер Қаржы саласының құрметті ардагері **Өксікбай Гүлімбетовтің** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Алғыс арқалаған абзал жан

Кез келген дертті ауыздықтауда дәрігердің біліктілігі аса қажет. Жас та болса, білікті маман, №1 қалалық емхананың күндізгі емдеу бөлімінің меңгерушісі Назерке Сүлейменова емделушілердің алғысына бөленіп жүр.

Бөлімде науқастарға емдік, профилактикалық және қайта қалпына келтіру шаралары жүргізіледі. Дәрігер Назерке әрбір науқастың денсаулығы жақсаруы үшін білімі мен тәжірибесін жұмсап, аялы алақаны мен жылы сөзін аямайды.

Ақ желеңді абзал жан тындырымды тірлігінің арқасында бірнеше рет Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапатталды. Еңбегі еленіп, емделушілерден алғыс болып қайтқанына қуанатын маманның өз ісіне құрметі үлгі алуға тұрарлық.

Бүгінде ол отбасында аяулы жар, екі баланың анасы. Қызметте де, отбасында да жан-жағына мейірім шуағын шашып жүрген ақ желеңді абзал жан. Алғыс айту күнінде

әріптестер мен келушілер ықыласын осылайша жеткізуді жөн көрдік.

Елдос ТЫНЫШТЫҚ,
№1 қалалық емхананың баспасөз хатшысы

«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Елімізде «жасыл» экономикаға бет бұруына даңғыл жол ашылды. Бұл бағытта бұрын атын да, затын білмейтін технологиялар сан салаға енгізіле бастады.

Оның басты қағидатының бірі – табиғи ресурстарды барынша құнғап, үнемді пайдалану. Аталған жоба жыл бойы жұмыс істейді. Ол оқушылардың экологиялық проблемаларды түсініп, еңбекқор болып өсуіне зор әсерін тигізеді. Әр бала өсімдіктің қалай өсетінін, оған қандай күтім керек екенін біледі. Бұл келешекте пайдасын тигізетін білім болары анық.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуде оқушылардың әлеуметтік белсенділігі артады. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп, оны баптауға баулитын «Жасыл мектеп» бағдарламасы арқылы мектеп іші мен ауылдың қалаландыруға жол ашылды. Гүл өсіру мәдениетін дамыту арқылы оқушыларды табиғатты аялап, қастерлеуге үйрету, жауапкершілікті қалыптастыру – негізгі міндеттің бірі. Осы мақсатта оқушыларды жана мектепті қалаландыру жұмыстарына жұмылдыра отырып, қосқан үлесі арқылы қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік бар.

Индира КАМАЛОВА,
«Ұлағат» білім ордасы» жеке жалпы білім беру мекемесінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Аружан ЕРАЛЫ